

Орта дас тобына арналған жазғы сыйықтыру жоспары									
Шілде 2022-2023									
Денсаулық	1	Қатынас	1	Таным	0,5	Шығармашылық	2	Әлеумет	0,5
Дене шынықтыру	1	Сөйлеуді дамыту	0,5	Құрастыру	0,25	Музыка	1	Қоршаған ортамен танысу	0,5
		Көркем әдебиет	0,5	Жаратылыстану	0,25	Сурет салу	0,5		
						Жапсыру	0,25		
						Мүсіндеу	0,25		

Нурлы күн / Солнышко лучистое / The sun is radiant (1-апта) - шілде, 2022ж.

Максаты: Балалардың күн және жазғы құбылыстар жайында білуге дағдыландыру; ойындар арқылы денсаулықтарын нығайту, ойын компетенцияларын жетілдіру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты	Дене шынықтыру	Көркем әдебиет	Жаратылыстану	Музыка	Сурет салу	
	Тақырыбы: "Тепе-теңдікті сақтайық" Максаты: Балаларда сап түзеп бірінші артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытта белгі бойынша тез аумасу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінші артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру.	Тақырыбы: "Мақтаншақ қоян" ертегісі Максаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, тыңдай білуге, ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз қылықтарын көрсете алуға түсіндіру; ертегіні мазмұндай алуға, рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету; ойын, қиялын, тілін, сөздік қорын дамыту; тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Шуақты күн" Максаты: Күн сәулесінің барлық жер жүзін жылытатыны туралы білімдерін кеңейту; күннің сәулесіз тіршілігі жоқ екенін түсіндіру; балалардың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; күннің жер бетіндегі тіршілікке қажет екендігі туралы түсінік қалыптастыру.	Тақырыбы: "Күнбағыс" Максаты: Өткен материалды балаларға естеріне сақтау. Балаларда шығармашылықты, өзіне деген сенімділікті дамыту; өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігі; музыканы және музыкалық қабілетті ассоциативті қабылдауды дамыту.	Тақырыбы: "Орманға жидек теруге барамыз" Максаты: Балаларды жидектері бар бұталар бейнеленген үйлесімді композиция құруға үйрету; бейнелейтін заттың орналасу мағынасын түсінуді меңгерту; кеңістікті бағдарлау дағдыларын, көру қабілеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, тиімділікке тәрбиелеу.	

Жидектерден тосап қайнатамыз / Варим варенье из ягод / Making berry jam (2-апта) - шілде, 2022ж.

Максаты: Балаларды жидектер түрлерімен таныстыру, жазда жидектердің пісу кезіне екенін байқауға баулу; жидектердің пайдасын білуге тарту; ойын компетенцияларын жетілдіру.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты	Дене шынықтыру	Сөйлеуді дамыту	Музыка	Қоршаған ортамен танысу
	Тақырыбы: "Дәмді тосаптар" Максаты: Балаларда сап түзеп бірінші артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүру дағдыларын дамыту; жидектерден жасалатын тосаптар туралы білімдерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту.	Тақырыбы: "Орман жидектерін тереміз" Максаты: Орманда өсетін және орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Жидектер туралы сөздік қорларын белсенділендіру, нақтылау.	Тақырыбы: "Ән салған кім?" Максаты: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.	Тақырыбы: "Тосапты неден қайнатамыз?" Максаты: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту. "Жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау; байланыстырып сөйлеу; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

				Мүсіндеу Тақырыбы: "Жидегі бар себет" Мақсаты: Есу әдісі арқылы ермексаның кішкене бөлшектерін жидектер, себет мүсіндеуді үйрету; сөйлеуді, логикалық ойлауды, зейін қоюды, жұмбақ шешуді үйрету; ермексаның жұмыс кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
Балалардың ойын-сауық әлемі / Мир детских развлечений / The world of children's entertainment (3-апта) - шілде, 2022ж.					
Мақсаты. Балаларды жазғы ойындарға қызығушылықпен қатысуға баулу; жағымды қарым-қатынастарға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қуырмаш" саусақ ойынын ойнаймыз Мақсаты: Балаларды нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету, бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінші артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: В. Маяковский "Жаксы деген немене, жаман деген немене?" Мақсаты: Балаларға өмірдегі жақсы мен жаман қасиеттерді айыра білуге үйрету, тілдік қорларын молайту; ойлау қабілеттерін дамыту; жаман қылықтардан алшақ жүруге, жақсы игі істерге жақын болуға баулу, тәрбиелеу.	Құрастыру Тақырыбы: "Көкөністер арналған себеттер" Мақсаты: Балаларды санау таяқшаларын пайдаланып, үлгі бойынша құрастыруды үйрету, көкөністер туралы білімдерін кеңейту, үлгі бойынша жұмыс істеу қабілетін дамыту, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу.	Музыка Тақырыбы: "Кел, би билейік!" Мақсаты: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	-
				Сурет салу Тақырыбы: "Дәрумендер қайда жасырылған?" Мақсаты: Балаларды сурет салу техникасы - штамптаумен (мөр басу) таныстыру; бейнеленетін затқа сәйкес түстерді таңдай білу, бейнені берілген жазықтықта орналастыра білу біліктілігін қалыптастыруды жалғастыру; жемістер жайлы олардың пішіні, түсі жайлы білімдерін бекіту; алма мен алмұрт бақшада, ағашта өсетіні жайлы білімдерін тереңдету; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
Көкөністер дүкені / Овощная лавка / Vegetable shop (4-апта) - шілде, 2022ж.					
Мақсаты. Балалардың жемістер мен көкөністерді баптап өсіру еңбегі туралы ұғымдарын қалыптастыру, денсаулыққа пайдасы туралы ақпаратты есте сақтауға ықпал ету.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Бірінші байлық-денсаулық" Мақсаты: Балаларды гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа жүзету дағдыларын дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көкөністерден көже жасау» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Көкөністердің атауларын таныстыру. Көкөністерді дұрыс айтуға үйрету. Көкөністердің аттарын жеке атап, жалпылау түсінігін қалыптастыру.	-	Музыка Тақырыбы: "Сыңарлы дәрумендер" Мақсаты: Вокалды, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Біздің көкөністер" Мақсаты: Балалардың көкөністер туралы білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсіні, пішіні, түр сипатынан ажырата білуге үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеулерін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

			Жапсыру Тақырыбы: "Себеттегі көкөністер" Мақсаты: Балаларды шаршы мен сопақшаның бұрыштарын дөңгелете кесуге үйрету; балалардың қайшыны дұрыс ұстау және шығармашылық жұмыстар жасау қабілеттерін нығайту; дүкен туралы түсінік беру; жапсыруға арналған бөлшектерді параққа өз бетімен жабыстыру қабілетін дамыту; ауызша нұсқауларды нақты орындау қабілетін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; ұқыптылыққа, жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.	
--	--	--	--	--

Жазғы гүлдер / Летние цветы / Summer flowers (1-апта) - шілде, 2022ж.

Мақсаты. Балалардың жазғы гүлдер, жәндіктер туралы ұғымдарын дамыту; байқампаздыққа, эстетикалық талғам негіздерін тәрбиелеу.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Хош иісті гүлдер" Мақсаты: Балаларды әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: А. Байғабдылова "Ойыншықтар" (жатқа айту) Мақсаты: Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін жалғастыру; өлеңнің мазмұнын түсініп, мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; есте сақтау, ойлау қабілеттерін, тіл, сөздік қорыларын дамыту; ойыншықтарымен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Гүл шалғынға саяхат» Мақсаты: Гүлдерді жалпы және айрықша белгілерді көрсете отырып салыстыру; гүлдерге тән ерекшеліктерін анықтау; тәрбиешінің көмегімен трек сызба бойынша шағын әңгіме құрастыру; балалардың сөйлеу, ойлау, зейіндерін дамыту; өсімдіктерге, гүлдерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Музыка Тақырыбы: "Қоңыраулар үні" Мақсаты: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.	-
				Сурет салу Тақырыбы: "Әдемі гүлдер ашылды" Мақсаты: Балаларды дәстүрден тыс - ұмажалған қағазды бастыру техникасы арқылы сурет салумен таныстыруды жалғастыру; композиция құрастыра білуді үйрету; ұсақ қол моторикасын жетілдіру; жаңа сурет салу тәсіліне қызығушылықтарын ояту; шығармашылық ойлауларын, қиялдарын, қабылдауларын дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	